

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 және 2000 жылғы 7 ақпандағы N 183 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 сәуірдегі N 531 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.30 № 1456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

2) "Құзыретті органның 2000 жылы инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына қоюына жататын Қазақстан Республикасының қатты пайдалы қазбалар мен көмірсутегі шикізаты бойынша жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 ақпандағы N 183 P000183_ қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Құзыретті органның 2000 жылы инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына қоюына жататын қатты пайдалы қазбалар мен көмірсутегі шикізаты бойынша Қазақстан Республикасының жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) тізбесінде:

"Қатты пайдалы қазбаларды өндіру" тарауы мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 6-1, 6-2 - жолдармен толықтырылсын:

"6-1 Старое қалдық сақтауы орны алтын Шығыс Қазақстан

6-2 Чашинское қалдық сақтауы орны алтын Шығыс Қазақстан".

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.30 № 1456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі